



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
2011 ЖЫЛҒЫ 11 МАМЫРДАҒЫ  
№10 БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗИ**

**Кредит нарығын дамытудың сапалық  
өлшемдері туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2011 жылдың сәуірінде банктерге кейіннен банктердің өкілдерімен сұхбат жүргізе отырып, сауалнама жүргізу нысанында «Кредит нарығының жағдайы және өлшемдерінің болжамы» кезекті тоқсан сайынғы зерттеуін жүргізді. Банктер ұсынған нәтижелер кредит нарығының мынадай сапалық үрдістерін көрсетеді.

**Корпоративтік кредиттеу сегментінде** 2011 жылғы 1-ші тоқсанда банктердің 53%-ы сұраныстың ұлғайғанын және респонденттердің 44%-ы сұраныстың өзгермегенін атап өтті.

Айналым қаражатын толықтыру мақсатында қысқа мерзімді заемдарға және негізгі құрал-жабдықтарды сатып алу және кәсіпорындарды жаңғырту үшін ұзақ мерзімді кредиттерге сұраныстың өсуі атап өтілді. Соңғы 4 тоқсанда бірінші рет банктер қысқа мерзімді кредиттермен салыстырғанда ұзақ мерзімді заемдарға сұраныстың едәуір жоғары болғанын атап өтті. Соған қарамастан, егер бизнестің айналым капиталын толықтыруға деген сұранысын банктер толық көлемде қанағаттандырса, инвестициялық жобаларды қаржыландыруға арналған кредиттерді беру әлі де тәуекелі жоғары болып қарастырылады және оларға деген сұраныс ішінара қанағаттандырылады.

Бизнес субъектілері тарапынан ұлттық валютадағы кредиттерге деген сұраныстың айтарлықтай өсуі жалғасуда. Шетел валютасындағы кредиттерге сұраныс, негізінен, қысқа мерзімді мақсаттарға сақталуда.

Ағымдағы жылдың 2-ші тоқсанында банктер кредиттік өнімдерге деген сұраныстың одан әрі өсуін күтуде: респонденттердің 68%-ы сұраныстың ұлғаюын болжаса, банктердің тек 32%-ы ғана бұрынғы деңгейде қалады деп күтеді.

Банктер көбіне капиталында шетелдің қатысуы бар банктердің тарапынан кредиттеу саласында бәсекелестіктің, негізінен қорландырудың арзанырақ көздеріне қол жеткізу есебінен, одан әрі өсетіндігін атап өтуде.

Кредиттеу барысын жандыру мақсатында банктер қолданыстағы өнімдер бойынша жаңа тартымды талаптар әзірлеуге, коммерциялық жылжымайтын мүлікті сатып алуға

арналған кредит желілерін және дағдарыс кезінде уақытша тоқтап қалған инвестициялық жобаларды қаржыландыруды біртіндеп жанартуға мәжбүр.

Бұл ретте банктер үшін несие портфелінің сапалы өсуін қамтамасыз ету бірінші кезекте қалып отыр. Банктер бұрынғысынша клиентті таңдауға аса сақтықпен қарайды, себебі кредиттеу нарығындағы сапалы заемшылар тапшылығы проблемасы әлі де өткір күйінде қалып отыр. Заемшыны таңдау кезінде кредит тарихының жақсы болуы және клиент рентабельділігінің оң көрсеткіштері банк үшін барынша маңызды аспект болып табылады. Кредит тәуекелдерінің жоғары болуына қарай жекелеген банктер жаңа бизнесті қаржыландыруға берілген өтінімдерді іс жүзінде қарастырмайды.

Соған байланысты ағымдағы жылдың 2-тоқсанында респондент-банктердің шамамен 76%-ы кредит саясатының сақталатынын, банктердің 15%-ы кредит саясатын аздап жұмсартуды болжайды және небәрі банктердің 9%-ы саясатты қатаңдатуды жоспарлайды. Банктер арасында сапалы заемшылар үшін бәсекелестіктің өсуі олардың пайыздық ставкаларды төмендетуіне, сондай-ақ кредиттеу талаптарын жақсартуға мәжбүрлейді.

**Бөлшек кредиттеу сегментінде** халық тарапынан сұраныстың өсу үрдісі сақталды. Банктердің шамамен 30%-ы кредиттеудің ипотекалық өнімдеріне сұраныстың өсуін атап өтті және банктердің шамамен 61%-ы сұраныстың бұрынғы деңгейде қалғанын атап өтті. Тұтынушылық кредиттерге деген сұраныстың айтарлықтай өсуі байқалады: банктердің шамамен 63%-ы сұраныстың ұлғайғанын айтса, банктердің тек 32%-ы ғана оның өзгермегенін атап өтті.

Халықтың тұтынушылық сенімділігінің өсуіне және банк секторындағы өтімділік деңгейінің жоғары болуына байланысты бөлшек кредиттеу нарығының белсенді қайта қалпына келуі байқалады. Бәсекелестіктің күшеюі кредиттер құнының төмендеуіне әсер етеді, нәтижесінде банктер кредиттер бойынша талаптарды жұмсартуға: кредиттер бойынша пайыздық және комиссиялық ставкаларды төмендетуге, қаржыландыру мерзімдерін және сомаларын ұлғайтуға, түрлі жарнамалық іс-шаралар жүргізуге, сондай-ақ кредит бойынша пайыздық ставканың заемшының сапасына байланысты болатын жаңа кредиттік талаптар енгізуге мәжбүр.

Банктердің кредит саясатының аздап жұмсартуына қарамастан, жалпы алғанда заемшылардың төлем қабілетін бағалау жүйесі қатаң күйінде қалып отыр. Банктер клиенттердің төлем қабілетін және кредит қабілетін мұқият тексереді, нарықта кірісін растамай кредиттер беру шектелді. Сонымен қатар банктер халықтың қаржылық сауаттылық деңгейінің көтерілгенін атап өтуде, мұны клиенттердің кредиттеу талаптарын және өздерінің төлем қабілетін мұқият бағалауы растайды.

2011 жылғы 2-ші тоқсанда банктер заемшылар тарапынан кредиттік өнімдерге сұраныстың одан әрі өсуін және кредиттеу нарығында бәсекелестіктің одан әрі күшеюін күтеді.

**Банктер несиелік портфелі сапасының аздап жақсаруын күтеді.** Мәселен, банктердің 28%-ы кредит портфелі сапасының біртіндеп жақсаруын күтеді және респонденттердің шамамен 61%-ы сапасы өзгеріссіз қалады деп болжайды және банктердің тек 11%-ы ғана несиелік портфелінің сапасын аздап нашарлайды деп санайды.

Заемшылардың проблемалық кредиттері бойынша **кепіл мүлкін өндіріп алу жөніндегі операциялар санының өсуі** баяулады. Бірақ 2011 жылғы 2-ші тоқсанда банктер мұндай операциялар саны өсуінің қалпына келуін күтеді. Ағымдағы жылдың 1-ші тоқсанында банктер салымдар бойынша сыйақы ставкаларын төмендету жөніндегі саясатты жүргізді, бұл кредиттер бойынша ставкалардың төмендеуі үшін негізгі талап болып табылады. Банктер депозиттер бойынша сыйақы ставкаларын төмендету жөнінде шаралар қолдануға мәжбүр, себебі банктердің ішкі нарықта қорландыруы айтарлықтай қымбатқа түседі, бұл, өз кезегінде банктердің теріс пайыздық маржасына тікелей әсер етеді. Осылайша, депозиттер бойынша сыйақы ставкаларын төмендету арқылы банктер пайыздар бойынша шығыстарды да біртіндеп төмендетуде. Нәтижесінде банктер сомалар, мерзімдер және сыйақы ставкалары бойынша депозиттік базаны оңтайландыру жөнінде жұмыстар жүргізуде.

**2011 жылғы 2-ші тоқсанда респондент банктердің көпшілігі (59%) жылжымайтын мүлік бағасының өсуін болжайды.** Банктердің пікірінше, елде ағымдағы экономикалық ахуалдың дамуы жағдайында және халықтың әл-ауқаты деңгейінің өсуімен жылжымайтын мүліктің бағасы өсетін болады.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сайтындағы ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)) «Қаржы тұрақтылығы» бөлімінде орналастырылды.